

«Жетісу облысы білім басқармасының Көксу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ертөстік» бөбек жай - балабақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Педагогикалық кеңестің кезектен тыс отырысының
№ 4 хаттамасы

31 қаңтар 2025 ж.

Мәмбет ауылы

Тақырыбы: Мемлекеттік аттестаттау қорытындысы

Мақсаты: Мемлекеттік аттестаттау бойынша анықталған кемшіліктер мен ескертулерді жою.

Өтетін орны: Музыка залы

Қатысқаны: 12

Қатыспағаны: 0

Төрайымы: С.Зайнуллина – меңгеруші

Хатшысы: А.Меркибай

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Мемлекеттік аттестаттау қорытындысымен танысу, жүргізілген қорытынды нәтижесінде кеткен кемшіліктер мен ескертулерді жою туралы.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз алған балабақша меңгерушісі С.Зайнуллина Жетісу облысы бойынша білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2024 жылғы 07 қарашада бекітілген 2025 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізіненде 2025 жылдың 13-17 қаңтар аралығында өткен аттестаттау қорытындысымен, нәтижесімен таныстырды. Тексеру барысында кеткен кемшіліктер мен ескертулерге тоқталды.

1. Ортаңғы «Қарлығаш» тобының құрылған перспективалық жоспарында «Сөйлеуді дамыту», «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының міндеттері толықорындалмаған.
2. Логaped, дефектолог мамандарының жеке балалармаен жүргізген хаттамалары, күнделікті жүргізетін циклограммалары, ұсынылмады.
Себебі, Балабақшамызда ерекше білімді қажет ететін балалар болмағандықтан Логaped, дефектолог мамандарының құжаттары толық

салынбаған тек жылдықтары ұсынған болатын. Сол кемшіліктер толықтай жойылсын балабақшаның сайтына толық жеке балалармен жүргізілген хаттамалары, күнделікті жүргізілген циклограммалары, ата-аналар өтініші, тәрбиеленушілер тізімі толықтай құжаттары салынсын. Сайтқа салынуын қадағалау балабақша әдіскеріне жүктелсін. ОПМПК тұжырымдамасымен тәрбиеленуші болмағандықтан педагогтар ата-аналардың өтініші негізінде тәрбиеленушілермен түзету-дамыту жұмыстарын жүргізеді. Ата-аналар өтінішімен логопед маман Тәліп Неля Тоқтасынқызы 14 тәрбиеленушімен, дефектолог Нуримова Самал Жанболатқызы баламен тізім бойынша 13 тәрбиеленушімен жұмыс жасап отыр.

3. Топтардың тәрбиеленушілердің дамуын бақылау (бастапқы, қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдауы жүргізілетін мониторинг көрсеткіштері ұсынылмады.

Сайтқа салынған болатын бірақ дұрыс көреалмаған шығар бірақ толықтай жеке жеке сайтқа салынған. Сайттан тексеріп қарап, қайта түгендеп ретке келтіру әдіскерге жүктелсін.

4. Баланың жеке даму мониторингін және оның жеке дамуын жоспарлауға негіз болуын қамтамасыз ететін жеке даму карта бұл топтың тізімінде жоқ тәрбиеленушілерге толтырылған.

Бастапқы жеке даму мониторингін қыркүйек айында 25 баламен толтырылған. Алайда 2024 жылдың желтоқсан айының 17 күнінен бастап, Көксу ауданы Білім бөлімінен хат жолданып № 803-н Бұйрығымен Ересек «Күншуақ» тобы 20 балаға қысқартылған. Сол себепті тізімде артық бала шыққан. Бастапқыда 25 баламен толтырылған. Сайтта 2 тізім тұр Оқы жылы басында балабақша 75 баламен тізімделген. 2024 жылғы желтоқсан айының 17-нен бастап балабақша 54 баламен тізімделді.

5. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің максималды көлеміне қойылатын талаптар сақталмаған.

Толықтай тексеріп қарап шығу әдіскерге жүктелсін

6. Мектепке дейінгі ұйымдар қызыметінің үлгілік қағидаларының талаптарының орындалмаған. Атап айтсақ, 2 педагог біліктілік санатының деңгейін 5 жылда бір реттен сиретпей арттырмаған/растамаған.

Тәрбиеші Джилкибаева Мейрамкан 2024 жылғы 03 маусымында «Жетісу облысы білім басқармасының Көксу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ертөстік» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны № 29 ж/қ бұйрығына сәскес декреттік демалыстан шыққан. Сол себепті санаты болмады Сайтқа декреттік демалыстан шыққан бұйрығы жүктелді.

Биылғы жылы аттестаттау тізімінде бар. Екінші педагог Куракбаева Жазира 11 жыл еңбек өтілі бар ол педагогта «педагог-модератор» санаты бар бірақ қосымшада жазылмай ұмытылып қалыпты, аталған

педагогтардың бұйрықтарының көшірмесін, әдістемелік ұсынымға 2-қосымшаны қайта толықтырып сайтқа жүктеу әдіскерге жүктелді.

Шешім:

1. Жоғарыда аталған кемшіліктерді жою үшін жоспар құрылсын, кемшілік жою мерзімі 2025 жылдың 28 ақпан айына дейін белгіленсін және де жауапты болып балабақша әдіскеріне жүктелсін.

Төрайым  Сайнуллина

Хатшы:  А. Меркибай